

**"Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру"** электрондық мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 111-860 шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 маусымда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 781 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 111-1505 қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 10.09.2014 жылғы № 111-1505 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Әкімшілік тәртіптер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745, «Өнеркәсіп және экспорттық бақылау саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1130, «Электрондық мемлекеттік қызметтің үлгі регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1116 қаулыларына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, кейіннен Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Қ.Т. Сұлтанбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және оның бірінші ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов

К е л і с і л д і :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я л а р м и н и с т р і

А. Жұмағалиев

2013 жылғы 29 мамыр

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 9 м а м ы р

№ 1 1 1 - 8 6 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**«Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Астана қаласының уәкілетті органы - «Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – қызмет көрсетуші), сондай-ақ алушыда электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда (бұдан әрі – ЭЦҚ) " электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы немесе [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) "Е-лицензиялау" веб-порталы арқылы көрсетіледі.

2. Электрондық мемлекеттік қызметі «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 214 Қазақстан Республикасының Заңының 12 бабы 3 тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 217 «Ақпараттандыру туралы» Заңының, және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1130 қаулысымен бекітілген «Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға

лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартының негізінде көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметті автоматтандыру деңгейі: ішінара автоматтандырылған.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: транзакциялық.

5. Осы регламентте қолданылған түсініктер және қысқартулар:

1) бизнес-сәйкестендіру нөмірі – бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – БСН);

2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮП);

3) «Е-лицензиялау» веб-порталы – берілген, қайта ресімделген, тоқтатылған, қайта қалпына келтірілген және қолданысын тоқтатқан лицензиялар, сондай-ақ лицензиар беретін лицензияның сәйкестендіру нөмірін орталықтан құрайтын қызметтің лицензияланатын түрін (кіші түрін) жүзеге асырушы лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, орындары, учаскелері) туралы мәліметті қамтитын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – «Е лицензиялау» МДҚ АЖ), мемлекеттік деректер қоры;

4) жеке сәйкестендіру нөмірі - жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - ЖСН);

5) ақпараттық қызмет - пайдаланушыларға ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

6) ақпараттық жүйе - аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе (бұдан әрі - АЖ);

7) алушы – өзіне қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект;

8) транзакциялық қызмет көрсету – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды ұсыну жөнінде қызмет көрсету;

9) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнның тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы (бұдан әрі - ЭЦҚ);

10) мемлекеттік электрондық қызметтер - ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;

11) электрондық құжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

12) "электрондық үкіметтің" шлюзі – электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру шеңберінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ);

13) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі – жеке және заңды тұлғалардың төлемдерін жүзеге асыру кезінде екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелері арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮТШ) ;

14) электрондық лицензия – қағаз жеткізгіштегі лицензияға тең, ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін электрондық құжат нысанындағы лицензия ;

15) "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қоры – ақпаратты автоматтандырылған жинауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіруін енгізу және мемлекеттік басқару органдарына және өзге де субъектілерге олардың өкілеттіліктері шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олар туралы өзекті және дұрыс мәліметтерді беру мақсатында Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЗТМДҚ) ;

16) алушы – өзіне қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект.

## **2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету бойынша қызмет көрсетуші қызметінің тәртібі**

6. Қызмет берушінің ЭҮП арқылы ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі адымдық іс-қимылдары мен шешімдері (функционалдық өзара іс-қимылдың № 1 диаграммасы) Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген:

1) алушы ЭҮП-те тіркелуді алушы компьютерінің интернет-браузерінде сақталған өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен жүзеге асырады (ЭҮП-те тіркелмеген алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – алушы компьютерінің интернет-браузеріне ЭЦҚ тіркеу куәлігін бекіту, қызмет алу үшін ЭҮП-те алушының пароль енгізу үдерісі (авторизациялау үдерісі);

3) 1-шарт – логин (ЖСН/БСН) және пароль арқылы тіркелген алушы туралы

деректердің түпнұсқалығын ЭҮП-те тексеру;

4) 2-үдеріс – алушының деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты ЭҮП-пен авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – алушының Регламентте көрсетілген қызметті "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару және алушының нысанды оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, сұрау салу нысанына қажетті құжаттарды электрондық түрде бекіте отырып толтыруы (деректерді енгізу);

6) 4-үдеріс – ЭҮТШ-те қызметке ақы төлеу, содан кейін бұл ақпарат "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ға келіп түседі;

7) 2-шарт – "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да қызметтің көрсетілгені үшін жүргізілген ақы төлеу фактісін тексеру;

8) 5-үдеріс – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да қызметтің көрсетілгені үшін төленген ақының болмауына байланысты сұрау салынған қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-үдеріс – алушының сұрау салуды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

10) 3-шарт – ЭҮП-те ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін және қайтарып алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде болмауын, сондай-ақ сұрау салуда көрсетілген БСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген БСН арасындағы сәйкестендіру деректерінің сәйкес келуін тексеру;

11) 7-үдеріс – алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынған қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 8-үдеріс – қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) алушының ЭЦҚ арқылы куәландыру (қол қою);

13) 9-үдеріс – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да электрондық құжатты (алушының сұрау салуын) тіркеу және "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да сұрау салуды өңдеу;

14) 4-шарт – алушының біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі;

15) 10-үдеріс – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-дағы алушының деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты сұрау салынған қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

16) 11-үдеріс – алушының "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-мен қалыптастырылған қызмет көрсету нәтижесін алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сын пайдалану арқылы қалыптастырылады.

7. Қызмет беруші арқылы адымдық іс-қимылдар мен шешімдер (ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі

функционалдық өзара іс-қимылдың № 2 диаграммасы) Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген:

1) 1-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің қызмет көрсету үшін "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да логин мен парольді енгізуі (авторизациялау үдерісі);

2) 1-шарт – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да логин мен пароль арқылы қызмет берушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің түпнұсқалығын тексеру;

3) 2-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-мен қалыптастыру;

4) 3-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызмет көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару және қызмет беруші қызметкерінің алушы деректерін, сондай-ақ алушы өкілінің деректерін сенімхат бойынша енгізуі (нотариаттық куәландырылған сенімхат болғанда, басқа куәландырылған сенімхат болғанда – сенімхат деректері толтырылмайды);

5) 4-үдеріс – ЗТ МДҚ-ға ЭҮШ арқылы алушының деректері туралы сұрау салуды жолдау;

6) 2-шарт – ЗТ МДҚ-да алушы деректерінің болуын тексеру;

7) 5-үдеріс – ЗТ МДҚ-да алушы деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкіндігінің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс – сұрау салу нысанын құжаттардың қағаз нысанда болуы туралы белгі қою бөлігінде толтыру және қызмет беруші қызметкерінің алушы ұсынған қажетті құжаттарды сканерлеуі және оларды сұрау салу нысанына бекітуі;

9) 7-үдеріс – "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да сұрау салуды тіркеу және "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да қызметті өңдеу;

10) 3-шарт – алушының біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі;

11) 8-үдеріс – "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-да алушының деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты сұрау салынған қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 9-үдеріс – алушының "Е лицензиялау" МДҚ АЖ-мен қалыптастырылған қызмет көрсету нәтижесін алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сын пайдалану арқылы қалыптастырылады.

8. Сұрау салуды толтыру және қызметке жауап беру нысандары [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) "Е лицензиялау" веб-порталында келтірілген.

9. Сұрау салу өңделгеннен кейін алушыға сұрау салуды өңдеу нәтижелерін мынадай амалмен қарау мүмкіндігі беріледі:

"ашу" деген түймені басқаннан кейін – сұрау салу нәтижесі дисплейдің экранына шығарылады;

"сақтау" деген түймені басқаннан кейін – сұрау салу нәтижесі алушымен берілген магнитті тасығышта Adobe Acrobat форматында сақталады.

10. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі қажетті ақпарат пен кеңесті және шағым беру тәртібін call-орталығының (1414) телефоны бойынша алуға болады.

11. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ):

- 1 ) ЭҮП ;
- 2 ) ЭҮШ ;
- 3 ) ЭҮТШ ;
- 4) "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ;
- 5 ) ЗТ МДҚ ;
- 6 ) қызмет беруші .

12. Әрбір іс-қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, іс-қимылдар (рәсімдер, функциялар, операциялар) дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

13. Іс-қимылдардың қисынды дәйектілігі арасындағы (электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде) өзара байланысты олардың сипаттамаларына сәйкес көрсететін диаграммалар Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген .

14. Алушылармен қызметті көрсету нәтижелері Регламенттің 3-қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

15. Алушыларға қызметті көрсету үдерісіне қойылатын талаптар:

- 1) құпиялылық (ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғау);
- 2) тұтастық (ақпаратты рұқсатсыз өзгертуден қорғау);
- 3) қолжетімділік (ақпаратты және ресурстарды рұқсатсыз ұстап қалудан қорғау) .

16. Қызметті көрсетудің техникалық шарттары:

- 1) Интернетке шығу;
- 2) электрондық лицензия берілетін тұлғада ЖСН/БСН-нің болуы;
- 3) ЭҮП-пен авторизациялау;
- 4) ЭЦҚ пайдаланушысының болуы;
- 5) банк карточкасының немесе екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шоттың болуы.

"Заңды	тұлғалардың	түсті	және	қара
металл	сынықтары	мен	қалдықтарын	
жинауы	(дайындауы),	сақтауы,	қайта	
өңдеуі	және өткізу	жөніндегі		
қызмет	түрін жүзеге	асыруға		

лицензия беру, қайта ресімдеу,  
 лицензияның телнұсқаларын беру"  
 электрондық мемлекеттік қызмет көрсету  
 регламентіне 1-қосымша

### 1.1-кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-қимылдарын сипаттау

1	Іс-қимыл (жұмыстар барысының, ағынының) №	1	2
2	ҚФБ атауы	Алушы	ЭҮП
3	Іс-қимылдың(үдерістің,рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	ЭЦҚ тіркеукуәлігін алушыкомпьютерінің интернет-браузеріне бекіту	Алушы деректерін бұзушылықтардың бар екендігі байланысты бас тарту туралыхабарламанықалыпт
4	Аяқтау нысаны(деректер, құжат, ұйымдастырушылық-басқарушылық шешім)	Сұрау салудыңсәттіқалыптастырылғаны туралыхабарламаныкөрсету	С ұ р а у салынғанэлектрондықмемл қызметкөрсетуден бас туралыхабарламанықалыпт
5	Орындау мерзімдері	10-15 сек	20 сек
6	Келесі іс-қимылдыңнөмірі	2 – алушыныңдеректеріндебұзушылықтарболғанда, 3 – авторизациялаусәтті өткенде	-

#### Кестенің жалғасы:

1	Іс-қимыл (жұмыстар барысының, ағынының) №	4	5
2	ҚФБ атауы	ЭҮТШ	ЭҮП
3	Іс-қимылдың(үдерістің,рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Қ ы з м е т т і көрсетуге ақы төлеу	Төленген ақыны болмауынабайланысты бастарту туралыхабарламанықалыптастырад
4	Аяқтау нысаны(деректер,құжат, ұйымдастырушылық-басқарушылық шешім)	Іс-қимылдыңсәтті аяқталғанытуралыхабарламаныкөрсету	С ұ р а у салынғанэлектрондықмемлекеттік қызметкөрсетуден бастарту туралыхабарламанықалыптастыру
5	Орындау мерзімдері	1,5 мин	20 сек
6	Келесі іс-қимылдыңнөмірі	5 – ақытөленбегенде, 6 – а қ ы - төленгенде	-

#### Кестенің жалғасы:

--	--	--	--



1.	Іс-қимыл (жұмыстар барысының, ағынының) №	7	8	9
2.	ҚФБ атауы	ЭҮП	Алушы	"Е-лицензиялау" АЖ
3.	Іс-қимылдың (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады	ЭЦҚ арқылы сұрау салуды куәландыру (қол қою)	Өтініштің электрондық құжатын алушының сұрау салуын) тіркеу және сұрау салуды өңдеу
4.	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдастырушылы-басқарушылық шешім)	Сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама-қалыптастыру	Сұрау салуды бағыттау	Өтінішке нөмір бере отырып, сұрау салуды тіркеу
5.	Орындау мерзімдері	10-15 сек	1,5 мин	1,5 мин
6.	Келесі іс-қимылдың нөмірі	-	-	10 – алушының біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздерін сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі

#### Кестенің жалғасы:

1.	Іс-қимыл (жұмыстар барысының, ағынының) №	10	11
2.	ҚФБ атауы	"Е-лицензиялау" АЖ	"Е-лицензиялау" АЖ
3.	Іс-қимылдың (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Алушы деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық құжат
4.	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдастырушылық- басқарушылық шешім)	Сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Электрондық лицензия
5.	Орындау мерзімдері	20 сек	Лицензия алу үшін - 15 жұмыс күні; лицензияны қайта ресімдеу үшін – 10 жұмыс күні; телнұсқа алу үшін – 2 жұмыс күні
6.	Келесі іс-қимылдың нөмірі	-	-

#### 1.2-кесте. Қызмет беруші арқылы ҚФБ іс-қимылдарын сипаттау

--	--	--	--

1	Іс-қимыл (жұмыстарбарысының, ағынының) №	1	2	3
2	ҚФБ атауы	Қызмет беруші	"Е-лицензиялау"МДҚ АЖ	Қызмет беруші
3	Іс-қимылдың(үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	"Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да авторизациялау	Деректерде бұзушылықтардың бар болуына байланысты бастарту туралы хабарламаны қалыптастырады	Қызмет беруші қызметкерінің қызметті таңдауы
4	Аяқтау нысаны(деректер, құжат, ұйымдастырушылық-басқарушылық шешім)	Сұрау салудың сәтті қалыптастырылғаны туралы хабарламаны көрсету	Сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрау салудың сәтті қалыптастырылғаны туралы хабарламаны көрсету
5	Орындау мерзімдері	10-15 сек	20 сек	1,5 мин
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	1 – "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да қызмет беруші қызметкерінің логин мен пароль деректерінің түпнұсқалығын тексеру	-	4

#### Кестенің жалғасы:

1	Іс-қимыл (жұмыстарбарысының, ағынының) №	4	5
2	ҚФБ атауы	ЭҮШ ЗТ МДҚ	"Е-лицензиялау"МДҚ АЖ
3	Іс-қимылдың(үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	3 Т МДҚ-ға алушының деректерін тексеру үшін сұрау салуды жолдау	Деректерде бұзушылықтардың бар болуына байланысты бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру
4	Аяқтау нысаны(деректер, құжат, ұйымдастырушылық-басқарушылық шешім)	Сұрау салуды бағыттау	Сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру
5	Орындау мерзімдері	1,5 мин	20 сек
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	5 – алушының деректерінде бұзушылықтар болғанда, 6 – авторизациялау сәтті өткенде	-


#### Кестенің жалғасы:

1	Іс-қимыл (жұмыстарбарысының, ағынының) №	7	8	9


2	ҚФБ атауы	"Е-лицензиялау" МДҚ АЖ	"Е-лицензиялау" МДҚ АЖ	"Е-ли АЖ
3	Іс-қимылдың( үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	"Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да электрондық құжатты тіркеу және "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да қызметті өңдеу	"Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да даалушының деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты сұрау салынған қызмет көрсетуден бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Элект
4	Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдастырушылық-басқарушылық шешім)	Өтінішке нөмір бере отырып, жүйеде сұрау салуды тіркеу	С ұ р а у салынған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Элект
5	Орындау мерзімдері	10-15 сек	20 сек	Лицен 15 лицен қайта 10 телнұс жұмы
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	8 – "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да сұрау салу жөніндегі деректер болмағанда, 9 – сұрау салу жөніндегі деректер табылғанда	-	-

"Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2-қосымша



**ЭҰП арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 1**



Қызмет беруші арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 2 диаграммасы



Шартты белгілер:

-  Бастапқы хабарлама
-  Аяқтаушы хабарлама
-  Аралық хабарлама
-  Аяқтаушы қарапайым оқиға
-  Қате
-  Ақпараттық жүйе
-  Үдеріс
-  Шарт
-  Басқару ағыны
-  Хабарлама ағыны
-  Соңғы тұтынушыға ұсынылатын электрондық құжат

"Заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 3-қосымша

**Электрондық мемлекеттік қызметтің "сапа" және "қолжетімділік" көрсеткіштерін анықтауға арналған сауалнаманың нысаны**

---

**(қызметтің атауы)**

1. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.